

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2005 жылғы 19 тамызға тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 1591 Жарлығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 69-бабына сәйкес, 1999 жылғы қыркүйекте сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттіктерінің конституциялық мерзімінің аяқталуына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау 2005 жылғы 19 тамызға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті